

"Оқу-жаттығу процесі, спорт резервін және жоғары дәрежедегі споршыларды даярлау жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін үлгілік штаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 155 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 қазанда № 17528 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 40) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқу-жаттығу процесі, спорт резервін және жоғары дәрежедегі споршыларды даярлау жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін үлгілік штаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 155 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15301 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

1-тармағының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқу-жаттығу процесі, спорт резервін және жоғары дәрежедегі споршыларды даярлау жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін үлгілік штаттарда:

тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

"Басқарушы персонал" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 2-1 және 12-2-жолдармен толықтырылсын:

"

2-1.	Филиалдың басшысы	1 бірлік
2-2.	Филиал басшысының орынбасары	1 бірлік

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

"

5-1.	Бөлімінің немесе қызметтің басшысы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
------	------------------------------------	--

";

"Негізгі персонал" деген бөлімде:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8	Медициналық бике/аға (мамандандырылған) (массаж бойынша)	ОДО және ОРДО басқа спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 1 бірлік
		ОДО және ОРДО спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 2 бірліктен кем емес

";

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

12.	Әдіскер	ОДО және ОРДО басқа спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 1 бірлік
		ОДО және ОРДО спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 2 бірліктен кем емес

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-1-жолмен толықтырылсын:

"

12-1.	Жүргізуші (көлік бар жағдайда)	көліктің әр түріне 1 бірлік
-------	--------------------------------	-----------------------------

";

"Әкімшілік персонал" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

13	Бухгалтер	жеке спорт базасы бар ДСҰ басқа 2 бірліктен кем емес
		жеке спорт базасы бар ДСҰ 4 бірліктен кем емес
14	Экономист	жеке спорт базасы бар ДСҰ басқа 2 бірліктен кем емес
		жеке спорт базасы бар ДСҰ 4 бірліктен кем емес
15	Заңгер	ОДО басқа 1 бірлік
		ОДО 2 бірліктен кем емес
16	Аудармашы	ОДО басқа 1 бірлік
		ОДО 2 бірліктен кем емес
17	Бағдарламашы немесе фото және бейне аппаратурасының, көшіргіш-көбейткіш машинаның, байланыс жүйесінің, компьютер құрылғысына қызмет көрсету жөніндегі компьютерлік техника (бағдарлама) операторы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді

18	Инспектор	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
19	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	жеке спорт базасы бар ДСҰ басқа 1 бірлік жеке спорт базасы бар ДСҰ 2 бірліктен кем емес

”;

"Өз меншігінде спорттық базасы бар ДСҰ арналған қосымша штаттық бірліктер" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 23, 24 және 25-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

27.	Бас инженер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
-----	-------------	---

”;

реттік нөмірі 32-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

32.	Спорттық ғимараттың басшысы (меңгерушісі)	әрбір жеке тұрған спорттық ғимаратқа 1 бірлік
-----	---	---

”;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 34-1 және 34-2-жолдармен толықтырылсын:

"

34-1.	Шаруашылық қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшенің (қонақ үй, фитнес-орталығы, мұз айдыны, бюро, гараж, іс жүргізу, сақтау камерасы, кеңсе, қазандық, қойма, шаруашылық) басшысы	1 бірлік
34-2.	Медициналық кешенің басшысы (меңгерушісі)	1 бірлік

”;

реттік нөмірлері 35, 36 және 37-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

35.	Механик	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
36.	Техник	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
37.	Инженер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді

”;

реттік нөмірлері 40, 41 және 42-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

40	Әкімші	әрбір жеке тұрған жатақхана, қонақ үй немесе асхана ғимаратына 1 бірлік
41	Кезекші әкімші	әрбір жеке тұрған жатақхана, қонақ үй немесе асхана ғимаратына 5 бірлікке дейін
		күндізгі жұмыс кестесімен бес күндік жұмыс аптасы кезінде жеке орналасқан халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спорттық арена, фитнес, жаттығу залы,

42.	Кассир (ДСҰ халыққа ақылы қызметтерді көрсету кезінде)	бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 1 бірлік
		бір кассирдың жұмыс уақыты еңбек заңнамасының нормаларынан асып кеткен жағдайда жұмыстың ауысым кестесі кезінде, жеке орналасқан халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спортық арена, фитнес, жаттығу залы, бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 2 бірлік

”;

реттік нөмірі 44-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

44.	Күзетші	көрермендерге арналған мінбелері жоқ спорттық ғимаратқа 3 бірлікке дейін
		көрермендерге арналған мінбелері бар спорттық нысанындарда әр кіру/шығу кіреберісіне 4 бірлікке дейін

”;

реттік нөмірі 46-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

46.	Үй-жайларды тазалаушы	Үй-жайларды тазалаушы лауазымының штаттық бірлігі жинайтын 250 шаршы метрінің әр алаңына 0,5 штат бірлігі есебінен, бірақ кемінде 1 бірліктен белгіленеді
-----	-----------------------	---

”;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 46-1-жолмен толықтырылсын:

”

46-1.	Аула сыпырушы	Аула сыпырушы лауазымының штаттық бірліктерінің саны сыпырылатын учаске алаңына қарай белгіленеді
-------	---------------	---

”;

"Жұмыстың ерекшелігі бар ДСҰ арналған қосымша штаттық бірліктер" деген бөлім: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 49-1-жолмен толықтырылсын:

”

49-1.	Жаттықтырушы-сервисмен	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
-------	------------------------	---

”;

реттік нөмірі 54-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

54.	Қару-жарак шебері	ДСҰ атудың әрбір түріне 1 бірлік
-----	-------------------	----------------------------------

”;

"Спортшылардың дайындығы бейініне сәйкес келетін лауазымдардың қосымша штаттық бірліктері" деген бөлімде:

"Мұз спорт сарайы, сырғанау мұз айдыны, жеңіл атлетика манежі, велотрек, көпфункционалдық спорт кешені, дене шынықтыру-сауықтыру кешені, ипподром, шаңғы-биатлон стадионы бар ДСҰ үшін" деген кіші бөлімінде:

тақырып мына редакцияда жазылсын:

"Мұз спорт сарайы, жекпе-жек сарайы, сырғанау мұз айдыны, жеңіл атлетика манежі, велотрек, көпфункционалды спорт кешені, дене шынықтыру-сауықтыру кешені, ипподром, шаңғы-биатлон стадионы бар ДСҰ үшін";

реттік нөмірлері 84, 85, 86 және 89-жолдар алып тасталсын;
реттік нөмірі 91-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"

91.	Слесарь-сантехник	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
-----	-------------------	---

";

реттік нөмірлері 92 және 97-жолдар алып тасталсын;
реттік нөмірі 98-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"

98.	Ағаш ұстасы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
-----	-------------	---

";

реттік нөмірі 100-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"

100.	Кастелянша	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
------	------------	--

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 101, 102, 103, 104 және
105-жолдармен толықтырылсын:
"

101.	Шебер	техникалық белгіленеді	қажеттілігіне	сәйкес
102.	Ғимаратқа кешенді қызмет көрсету бойынша жұмысшы	техникалық белгіленеді	қажеттілігіне	сәйкес
103.	Аспазшы	техникалық белгіленеді	қажеттілігіне	сәйкес
104.	Наубайшы	техникалық белгіленеді	қажеттілігіне	сәйкес
105.	Ас үй қызметкері	техникалық белгіленеді	қажеттілігіне	сәйкес

".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін күнтізбелік екі күн ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақпен көзделген іс-шара орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараның орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі*

А. Мұхамедиұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК